

АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



Әлбетте, қыз-келіншектердің өзіне күтіммен қарап, сұлулықпен қатар саулығын да назарда ұстағаны маңызды. Олар бет-әлпетін әрлеуден бөлек, дене бітіміндегі артық майдан арылуға асық. Қыз-келіншектердің қалауын орындайтын маман көп. Тиісінше сұлулықтың стандартын сайлаған салон да жетерлік.

Соның ішінде «артық қылам деп тыртық қылмайтын» біліктісін табу оңай емес. Қандай да процедура жасауда арнайы кеңес берілсе құба-құл. Әйтпегенде отадан жапа шегуі ықтимал. Кейіпкеріміз Назерке Әбдіғаниева хирургия саласын терең меңгерген.

Блефаропластика таңсық ұғым емес. Салбыраған теріні қалыпқа келтіріп, қабақты ашудың оңтайлы тәсілі. Адамның

қос жанары жанды жер екені рас. Өйткені, сәтсіз отадан сан соғып, көзі қуарып кеткендер жоқ емес. Ал Назерке арулардың қалауын орындап, табиғи сұлулықтың тренден түспейтінін де түсіндіруге тырысады екен.

– Бұл салада жүргеніме 6 жылдан астам уақыт өтті. Астана медицина университетінде хирург-оториноларинголог мамандығы бойынша білім алдым. Пластикалық хирургияға қызығушылығым жоғары. Әр пациенттің процедура мен отадан кейінгі қуанышы жігерлендіре түседі. Қызметімді ыждағатты атқаруға тырысамын.

Қабақ жасатуға күніне үш адам, кейде одан көп келеді. Жас ұлғайған сайын қыртыс тері пайда болып, көру қабілетіне әсер етеді. Сондықтан алдын алу үшін қабақты қалыпқа келтіреміз. Негізі орта жастағы адамдарға жасаймын. Жастарға табиғи көзі әдемі екенін мейлінше айтамын. Себеб болмаса бет-әлпетін бейберекет түртпектеуге де болмас. Қабақты фейс-фитнес арқылы оңалтуға болады. Егер алдын алып бетке тұрақты жаттығу жасаса табиғи жолмен реттеудің тәсілі осы. Ал қабақ түсіп кеткен жағдайда амал жоқ, блефаропластика ғана көмектеседі, – дейді ол.

Ерінге де екпе алып, ажарланып жүрген арулар бар. Біріне жарасса, енді бірінде жасандылық бірден байқалады. Шұрттиген еріннен шошып, күтімсіз қалса салбырап қалады деген күдік те басым. Бірақ кәсіби маманның ісі мұндай келеңсіздікке жол бермейтін көрінеді.

– Ерінге филлер салынады. Ол гиалурон қышқылы, организмдізде бар. Бастысы салынатын филлер сертификатталған болу керек. Маманның кеңесіне құлақ түріп, ескертун ескерсе оқыс оқиға болмайды.

Ажарлы болудың амалын былай қойғанда, дене бітімге де көңіл бөлу маңызды. Мүсінде мін болмас үшін фитнес залына біразы барады. Ол саламатты өмір салтын ұстанудың да негізі. Жаттығу жасағанмен майды алып тастау үшін де күрделі оталар жүргізілуде. Иә, липосакция

жайында бірі білсе, бірі білмес. Дене сымбатын көз тартар еткенмен, қауіп де жоғары. Тек алдын ала анализ жасалып, қарсы көрсетілім болса ота жасатпаған жөн.

– Липосакция – жүрдім-бардым қарайтын ота емес. Оған дайындық, ағза үшін тиянақты тексеріс керек. Бұл – сұранысқа ие ота түрі. Алынатын майдың көлемін пациентпен бірге ақылдасып, байламға келеміз. Өйткені 3 литрден артық май алуға болмайды.

Негізі отадан кейін тыртық қалмайды. Кейбір жағдайда ағзаның ерекшелігіне байланысты келоидты тыртық қалуы ықтимал. Осының бәрін келген адамға түсіндіріп, жолын бірге қарастырамыз, – деді жерлесіміз.

Түйіндей келе, әйел заты айнадан өзін адам шошырлық кейіпте көрмей, өзіне көңілі толып, бақытты екенін сезуі тиіс. Жан мен тән сұлулығы тоғысып, көркемдік пен күміс күлкі үйлесім тапқанда, сұлулық байқалады.

Жас сұлу болуға хирургия жеткілісіз



Нәзік АХМЕТ

Сценарий кәсіби

Көрермен кино мен театр қойылымының тек дайын нұсқасын тамашалайды. Ал әрбір туындының шығармашылық жұмысы мен техникалық топ еңбегі елеусіз қалатыны жасырын емес. Әсіресе, кез келген қойылымның бастаушысы – сценарист, үйлестіруші, оператор туралы білетіміз аз. Осы орайда жуырда жерлесіміз, кино және театр сценарисі Айбек Жолмырзамен тілдесіп, салаға қатысты қызықты ақпарат қанықтық.

жазуға білімнің қажеті жоқ

Кино мен театрды заманауи мәселе тоғыстырады. Соңғы уақытта көптеген отандық фильм мен театр қойылымында қолтаңба қалыптастыруға тырысудамын. Қос жанрға сценарий жазудың өзіне тән ерекшелігі мен ұқсастығы бар. Сценарий екі салада жуықтас мәнде жазылғанмен, бірнеше өзгерісті қаперге алу маңызды. Алғашқысы – сыртқы қалыбы, уақыт пен бөлім саны. Яғни, театрдағы қойылым 2-3 акттан аспаса, кинода ешқандай шектеу жоқ. Бұл шығарманың уақыты мен бөліміне айтарлықтай әсер етеді.

Ішкі құрылымына келер болсақ, кинода оқиға желісіне назар аударылса, театрда образдық мәнге басымдық беріледі. Киноиндустрияда оқиға желісі арқылы көрермен тарту, фильмге кезендік және қоғамдық өзгерісті қосу байқалады әрі еркіндік бар. Ал театрда қалыптасқан қағида сақталып, актерлік өнердің бұлжымас ережесі үнемі назарда. Жалпы, кино мен театрды заманауи мәселе тоғыстырады. Бірақ эстетикалық артықшылық тұрғысынан баға берсек, әрине, маған театр жақын.

4 бетте



Тоқсан жылдан астам тарихы бар іргелі оқу орнының дамуында іркіліс байқалмайды. Ірі тұлғалардың табаны тиген ордадан түлеп ұшқан түлек көп. Ұлағат ұясында білім іргетасы бекіп, тәртіп пен тәрбие тоғысып жатыр. Осы ретте М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледж директоры Жақсыгүл Тоғановамен сұхбат құрдық.



Білім лицензиясын сұрыптап беру керек

– Білім ошағына оқуға тапсыратын талапкер саны артып келеді. Студенттердің сыйымдылығы жайында сөз қозғасаңыз. Қосымша корпус салу жоспарда бар ма? – Иә, жыл сайын оқу орнына түсуге ниет білдіретін жас көп. Бүгінде 2440 білім алушы бар. Қарым-қабілетін шыңдау мақсатында 24 үйірме жұмыс істейді. Таңдау мен қалауына сай қатысып, бейімін арттыруға зор мүмкіндік бар. 17 мамандық, 25 біліктілік бойынша сапалы білім беруді жолға қойғанбыз. Сенім үдесінен шыққандықтан болар оқуға құжат тапсыруға асық оқушы қатары аз емес.

Негізі типтік ғимаратымыз 1200 адамға шақталған. Сондықтан студенттердің 2 ауысымда оқуына тура келеді. Егер аудитория жеткілікті болғанда бір мезгіл оқуды жоспарлауға болады. Осы орайда облыстық білім

басқармасына колледж ауласынан студенттер сарайын салуға өтінім бердім. Үш қабатты етіп, қосымша құрылыс есебінен жаңа ғимарат салу жоспарда бар.

Кейде көпшілік-мәдени шараларды өткізу үшін орынды сырттан іздейміз. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйі немесе облыстық Нартай Бекежанов атындағы драма театрына алдын-ала хабарласып, бос уақытын күтеміз. Сондықтан колледждің 200-400 орынды қамтитын акт залы болса, уақыт жағынан да ұтылмас едік. Бірінші қабатына асхана мен спорт залын салып, шаршы метрін ұлғайтсақ, студенттер де емін-еркін жүреді. Бәрі уақыттың еншісінде.

– Технология мен техниканың дамыған дәуірінде алға жылжу маңызды. Оң өзгеріс болмаса нәтижеге қол жеткізу қиын-ақ. Осы ретте, колледждің жабдықтылығы қалай жүзеге асуда?

– Заман ағымына ілесу көштен қалмауға түрткі. Түлекке түзу жол нұсқап, кәсіби бағдар беру үшін жұмысты жандандырып келеміз. Колледж қызметінің негізгі бағыттарын белгілеуіміздің де себебі сол. Қолданбалы бакалавр дәрежесінде маман даярлайтынымыз көпке мәлім. 9 сыныптан кейін 3 жыл 10 ай, 11 сыныптан кейін 2 жыл 10 ай оқу мерзімі бекітілген. Құжаттарды қабылдау «College SmartNation» электронды платформасы арқылы жүзеге асады. Талапкер табалдырық аттап, оқуды төмамдаймын дегенше оқу процесіндегі ақпараттар осында сақталады. Яғни платформаның қолдану ауқымын кеңейтудің бір жолы осы.

Екінші бағыт – дуалдық білім беру жүйесін дамыту. Егер теория мен тәжірибе ұштаспаса

қағылез баланың қабылдауы да баяу болуы мүмкін. Сондықтан тұтас тақырыпты меңгертудің тиімді тегі десек артық емес.

3 бетте

Өзіл-қалжыңы аралас етіп, «Қазақ ет жеуден өлем бойынша қасқырдан көйінгі орында тұр» деп айтамыз ғой. Онымыз көбіне шындыққа жанасып жатады. Қыр басында қыс көрінсе, азығымызды қамдаймыз, отын-суымызды реттейміз. Бүгінде ел-елде халықтың әл-ауқаты көтеріліп, қосымша кәсіп түрлерімен де шұғылдана бастаған. Бұл саладан отбасының несібесін айырып жүргендер жетерлік. «Таяқтың екі ұшы бар» деген тәрізді жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүріп, қитұрқы жолмен де табысқа көнеліп жүргендер көп. Қарапайым халықтың ет өнімдерін сапалы, табиғи азық ретінде тұтынуды үшін маңдай терін сылып алып жатқандар да жетіп артылады.

Абай Батыршаев Қоғалыкөл ауылында тұрады. Ол осыдан 20 жылдан аса уақыт бұрын халықты етпен қамтамасыз етуді бастады. Осы жылдар ішінде талай қиындық көрді. Бірақ оған сынбай, өзінің ақ-адал еңбек етуін жалғастыра берді. Кәсібін дамыту үшін мемлекет тарапынан жеңілдетілген несие алды. Несібесін арттыруда әрине өзінің маңдай тері басым рөл атқарғаны анық.

2 бетте

ЖОСЫҚСЫЗ ЖАРНАМАҒА ЖОЛ БЕРМЕУ КЕРЕК



Нарықта нәтижеге жету үшін тауар мен өнімнің жарнамасы жиі жарияланады. Өйткені бизнесті табысты етудің негізгі кілті сонда. Көбі жер жарған жарнама жасап, өзгенің қалтасын қағуға құмар. Ал алаяққа алданып, миллиондаған ақшасы желге ұшқан жанның қарғысы кімге тиеді? Заң жарнаманың әділетті жүргізілуін талап етеді. Бірақ жарлықты жамбасқа басатындар жұртты жұттай тонауын өлі тоқтатпайды. Жалған жарнаманың қаптап кеткені сонша барлығына күмәнмен қарау қалыптасты.

ТАЛАП ПЕН ТЫЙЫМ: ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?

Тауарды тез өткізудің тәсілі жарнама екені түсінікті. Кәсіпкердің және жарнама берушінің жан бағу үшін жанталасатыны да сол. Мұнан соң бәсекелестіктің ақыры дауға ұласады. Тергеу изоляторында түнеу мен айыппұл арқалау жарнамаға жеңіл қарағанның кесірі. Жарнамаға қойылатын басты талаптар: Жарнама дүрбелең тудырмауы керек, агрессияға және заңсыз әрекеттерге шақырмауы керек;

салынған өнімдер жетерлік. Қаржы пирамидасына тыйым салынса да, желідегі жарнаманың жартысы осы тұрасында. Салдарынан сан соғып, қаражатының ізін таппай күйінгендер қаншама?! Ал алкоголь өнімдері арасында тек шарап жарнамалауға рұқсат етіледі. Тек шамадан тыс ішудің зияны туралы ескерту мен саламатты өмір салтын сақтау жөніндегі әлеуметтік жарнама қатар берілуі керек. Мұны отандық теле-радиоарналарда кешкі сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін көрсетуге болады.

СЫРТҚЫ ЖАРНАМА: САЛЫҚ ПЕН ТӨЛЕМ

Кешеге шықсаң билбордтағы жазудан көз сүрінеді. Өнімді өткізуді ойлағанның амал-айла ауыспайтынын аңғару қиын емес. Шақырымнан шақырып тұратын жарнама да бар. Мұның өзінің де тәртібі мен талабы қатаң.

Дегенмен ережені ескеріп жүргендер некен-саяқ. Аяқ алып жүре алмайтын афишалар мен плакаттың бәрі сыртқы жарнаманың үлесіне тиеді. Сондықтан бұлар жол белгілеріне ұқсамау керек. Бастысы жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілердің жүруіне бөгет жасамағаны абзал.

Сыртқы жарнамаға салық салынады. Оның мөлшері жарнама объектінің көлеміне байланысты. Яғни баннер аумағы неғұрлым үлкен болса, салық соғұрлым жоғары болады. Кәсіпкер айына ауданы 2 шаршы метрден кем дүкен витринасындағы жарнамаға 1 АЕК салық төлейді.

Қала ішіндегі сыртқы жарнаманың құны объектінің түріне және қаланың республикалық, облыстық немесе аудандық маңызы бар санатына байланысты. Жергілікті үкімет жарнамаға базалы мөлшерлеменің екі есе мөлшерінен аспайтын жоғары

мөлшерлеме орната алады.

Төлем ай сайын келесі айдың 25-не дейін төленеді.

Салық берешегі пайда болмау үшін сыртқы жарнаманы маңдайшадағы атаудан ажырату маңызды. Дерекке сүйенсек, «Уют» сантехника дүкені – ол атау, ал «Уют» жоғары сапалы бүкіл үйге арналған еуропалық сантехника дүкені» жарнама болып есептеледі, сондықтан оған салық салынады. Егер маңдайшада акциялар мен жеңілдіктер туралы ақпарат болса, онда бұл да жарнама.

Қысқасы, жарнама беруде мәселені сана сүзгісінен өткізудің айыбы жоқ. Өйтпесе табан астынан жауапқа тартылу мен айыппұл арқалау ықтимал.

«БАСТЫ ҚАТЫРҒАН» БАРТЕР НЕМЕСЕ ЖҮЛДЫЗДАР ДА ЖӨБІРЛЕНУШІ

Қазіргі таңда жарнамамен жағдайын жасап алуға ниетті адам көп. Әлеуметтік желінің қолданылу аясы

блогер-әртис пе, оған сенген қарапайым халық па? Қайсысы оңбай қателесті?

Иә, халық тарапынан түсетін мұндай шағымдар толастар емес. Жарнама жасағандар қамауға алынып та жатыр. Соған қарамастан желіде желдей ескен жарнама көп. Сондықтан көпшілік ұрынбас бұрын ақ-қарасын ажыратып алса деуіміз. Сондай-ақ, миллиондаған оқырманы барлар не ұсынып жатқанына бір сәт назар аудару керек.

Жақында әлеуметтік желіде «Қытайдан тауар келіп беремін» деп халықтан ақша жинап алған блогер-сатушыға іздеу жарияланды. «Бизнес бастауға 700 миллионға жуық қаражат бердік» деген халықтың қарасы көп. Ал мұны жариялаған өңші Мейрамбек Беспаев болып шықты. «Кәсіпке кенеліп, күректөп ақша табамын» деген ой осылай құрдымға кеткен. Иә, ақшаның есебін таппай есеңгірегендер еселеп келеді.

Жұлдыздардың жарнамасына имандай иланғанымызбен, ақша орнын сипап қалдық дейтін желі

Түйін. Нарықтағы бәсекені күшейту үшін де адалдық қажет. Алдау мен арбау кәсіпті кеңейтпейді. Тұрақты тұтынушы, жағымды пікір қалып-тасқанда ғана істің өрге домалайтыны анық. Сауатты жарнамасыз хаос туындатуға болмайды. Түйіндей келе, оңай олжа оқыстан орға жығып келеді. Жарнамадан жапа шеккеннің қатары азаюы тиіс. Неде болса заңға қайшы әрекет береке әкелмейтінін ұғынайық.

кең болғандықтан таргеттің дәуірі басталды. Аудиториясына тауардың артықшылығын асырып айтып, бір жарнама құнымен қалтасын қампайтады. Бұл жыртыққа жамау болғанмен, жегені желкесінен шыққандар аз емес. Көпшілік шу шығарып, сотқа сүйрелегенде жұлдыздар да жәбірленуші атанып, өзі де алданғанын айтады. Сонда тауар, яки қызметтің кемшілігін көрсетпеген жарнама беруші кінәлі ме? Өлде жариялаған

қолданушылары жоқ емес. Вайнер Мейржан Төребаевтың ісі қоғамда қызу талқыға түскені де көпке мәлім. Ол жарнамалаған қаржылық пирамиданың құрбанына айналдым деген әйел өз-өзін өртеп жіберді. Резонанс тудырған мәселенің жай-күйі кешеге дейін сұрыпталып, сарапталғаны көп есінде. Мұндай мысалдардың түр-түрі бар. «Аузы күйгендер үрлеп ішеді» дей ме?!

НӘЗІК АХМЕТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЕТТІ КІМНЕН АЛЫП ЖҮРСІЗ?

«Қазір ет нарығында бәсеке жоғары. Айналысатын шаруалар, ортада делдалдар көбейді. Нарықта бәсекелестердің көбеюі әрине бағаны тұрақты ұстап тұра алады. Бірақ осы сәтте халықтың таңдау жасауына қиындық туады. Кімнен алу керек деген



сауалдың туындауы заңдылық. Біз нарықта өзіміздің орнымызды белгілеп алғанбыз. Сұраныс жоғары. Тұрақты алушылар бар. Әйтсе де халықтың қалтасын қағып, ойына келген бағаны қоятын ортадағы делдалдан алғанша, шаруаның өзінен тікелей алғанға жетпейді. Өзіңіз сенімді боласыз», – дейді

Абай Ишанқұлұлы. Әрине, баға жайына келгенде барлығында да айтар уәж бар. Жем-шөп бағасы жағадан алып тұрғанда жайлы жағдай қайдан болсын?

«Халық еттің арзанына жүгіреді. Оларды да түсінуге болады. Өйткені, экономика тұрғысынан елдің жағдайы мәз деп айтуға келмейді. «Арзанның сорпасы татымайды» деген бар. Соны ойлау керек. Мәселен, қалыпты жағдайда бір жылқыны 3,5-4 ай, күнге шаққанда 100-120 күннің арасында бордақылау керек. Ал дәріленген малды әрі кеткенде екі ай, яғни 60-70 күннің маңайында баптайды. Уақытқа салғанда екі есе аз, әрі оған кететін шығын да екі есеге азаяды. Сондықтан бағасы арзан екен деп, атқа жайдақ мініп алып шаба бермей, өз денсаулығын да ойлаған абзал. Таза, сапалы тағам тұтыну – өз қолыңызда», – дейді кәсіпкер.

«Ауыл» партиясының мүшесі, белсенді кәсіпкер Болат Бөгетов те халықтың бұл мәселеде жеті рет ойлап, бір рет кесу керегін айтады. Ауыл шаруашылығында өзіндік салмағы бар кәсіпкер Қазақстан Фермерлер қауымдастығының Қызылорда филиалының төрағасы қызметін де абыроймен атқарып жүр. «Азық-түлік бағытында адам өзінен-өзі аянып қалмау керек. Етке келетін болсақ, ауылдардағы кіші шаруашылықтардан алған дұрыс. Өйткені, олардың өздерінде малы бар. Өзінің малы болған соң уақыт есептемейді, бағаны аспандатпайды, семіртуге арналған дәрілерді салмайды. Міне, табиғи таза өнім – осы. Өйтпесе, қазір түрлі химикат дәрілер қосып, семіртіп, етін


сататындар көп. Оның дәмі де жұғымсыз болады», – дейді Болат Өлдебайұлы.

Иә, дәрі-дәрмек демекші, мұндай жағдайға кезігіп жатқандар да жоқ емес. Қыстың қамына әдейілеп, нықтап дайындалып, ағайынды азаматтар бір-бірімен келісіп тұтастай бір малды сойып алады. Бірнеше жылдан бері осы әдісті дағды еткен Асқар Биболұлы да өзі көрген оқиғамен бөлісті.

«Бауырларыммен бірігіп, сойып алуға бір тайды тұтасымен сатып алдық. Түріне қарасаң, өте керемет. Жақсылап баққан екен дедік. Сөйтіп, мұсылмандық дағдымен бісіміллемізді айтып, соя бергеніміз сол еді еттің түрі ұнамады. Іріп кеткен. Кәдімгі шіріген шүберек тәрізді майдаланып өзі-өзінен бөлініп қала берді. Иесін шақыртып, «Малың өзіңе, уланғым келмейді» деп тиіп жібердім. Адамдарда ұят та азайып барады. Мысқылдап күлді де ақшамды қайтарып, етін алып кетті. Міне, сол адамдар ана етті қайда өткізеді? Оны да халыққа таратқан шығар. Дәрілеп семірткен малдың етінде дәм де болмайды, құнары да аз. Сіздің денсаулығыңызға кері әсер етіп, улайды. Міне, содан бері көзкерген адамдардан сатып аламын. Өйткені, қып-қызыл ақшаға ауру емес, азық сатып алғым келеді», – дейді ол.

«Ауру – астан, дау – қарындастан» деген дана халқымыз. Кәсібін адал істеп, маңдай тердің нанын жеп жүрген талай азамат бар. Бүгінде қала халқының көпшілігі ауылдардан жылқы және сиыр етін алдырып жейді. Шаруадан тікелей алғанның ерекшелігі көп дейді.

«Көршім мал бордақылайды.



Ал мен айына бір жілік ет жесем де, көршімнен бірде-бір рет алған емеспін. Өйткені, оның жем-шөп түсіріп жатқанын көрген емеспін. Қолынан дәрі егетін шприц түспейді. Мен сондықтан одан ет алуға қорқамын. Ауыл-дан арқаланып, қалаға ет әкеліп өткізетін шаруа інім бар. Бір жағынан шәкіртім. Содан сенімді түрде аламын. Өйткені, адамның адал екені жүзінен, істеген әрекетінен көрініп тұрады», – дейді Асқар есімді тұтынушы.

Қалай дегенде де тұтынушы талғамына сай еңбек еткен әрбір жанның кәсібі өміршең болатынын өмірдің өзі дәлелдеп береді. Өйткені кеңілінен шыққан өнім тұрақтылыққа әкеледі. «Жақсы бағылған, жақсы қаралған, дәмді, жұмсақ, тез пісетін етті әкеліп берген адамнан қайта-қайта ала бергің келеді. Оның

үстіне айналаңа да ұсына жүресің. Өйткені, адамның ықыласы бәрінен хабардар етіп тұрады», – дейді Біржан Елеусінов.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дейді атақты Абай ақын. Әрине, есектің артын жуып, тапқан наның да адал. Өйткені, оған маңдай терің сінді. Түпкі айтарымыз да сол, адал еңбек адамның абыройын көтереді. Ал түйінді азын-аулақ тиынын азыққа қамданған халықтың өзіне салдық.

Аян СПАНДИЯР



Жалғасы. Басы 1-бетте

«Жастар KZ» жобасы аясында көшбасшы жастар ортасын қалыптастыру да біздің мақсат. Бүгінде бетке ұстар жастар колледждің айнасы болып отыр. Озық ойлы студенттердің оза шабуына қолдау білдіреміз. Бағыт айқын, жоспар жүйелі. Бұдан бөлек үйлестіріп отырған жұмыс жетерлік.

Әрине, бәсекеге қабілетті маман даярлауда бас бұғып қалуға болмайды. Сондықтан жыл сайын материалдық-техникалық базаны заманауи үлгіде толықтырып отырамыз. Сайып келгенде, сапалы білім алуға мүмкіндік беру әрбір студентке мотивация. Колледж студенттер жатақханасы, әскери-спорт кешені, электронды кітапхана, дыбыс жазу және фото-видео студиялары, «Технология» шеберханасы, «Робототехника», «Цифрлық 3D», «Цифрлық білім беру» және «Мектеп физикасының цифрлық зертханасы», «Студенттерге электрондық қызмет көрсету» және Coworking орталықтары, «Схематехника», «Электроника және электротехника» кабинеттерімен жабдықталған.

Студенттер сабақ уақытында да ізденісін жалғап, белсенді болу керек. Тиісінше оқытушылар да технология тілін меңгеріп, білім беруде тың тәсіл қолданса құба-құп. Бүгінде оқу процесінде 444 компьютер бар. Соңғы үлгідегі интерактивті тақталар мен панельдер, мультимедиялық – сандық подиум, «BILIMBOOK» жеке мультимедиялық компьютерлері пайдаланылып жүр.

Жұмысты жандандыру үшін әр бастаманың маңызы зор. Оқығаны көңілге тоқуға әзір жастар барда жайлы жағдай жасаған ләзім.

– Білім саласындағы өзгерістер сан қилы.

Қазір «жаңартылған бағдарламада оқулық – жай ғана құрал» деген пікір бар. Мұғалім сабақтың тың



кандидаттары, білім магистрлері, «Ы.Алтынсарин» және «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі иегерлері, Мәдениет қайраткері, Суретшілер Одағының мүшелері, республикалық «Үздік педагог» байқауының жүлдегерлері қызмет атқарады. Сондай-ақ, халықаралық «Шоқан оқулары» байқауында, «Менің инновациялық сабағым» конкурсында, ағылшын тілі мұғалімдерінің «Modern English teacher» сайысында, облыстық «Үздік топ жетекшісі» және «Үздік оқу-әдістемелік кабинет» байқауларында жеңімпаз атанып, облыстық «Жыл ұстазы» номинациясын иемденуі колледж мәртебесін көтеріп келеді.

Бүгінде аттестация сынынан сүрінбей өтіп, «Зерттеуші», «сарапшы», «шебер» санатына ие болуда. Мұның бәрі ұшан теңіз еңбектің нәтижесі, ұжымның ұйымшылдығы. Бәрі жоғары дәрежеде білім бере алатын мамандар.

– Физика-математика бағытындағы бөлімнің жабылатынын естідік. Мұның себебі неде? Басқа қандай өзгерістер болуы мүмкін.

– Рас, қазір бұл бағытта бітіруші топтар оқып жатыр. Енді физика-математика бойынша оқуға қабылдау аяқталды. Оқу ағарту министрлігінің жоғары оқу орындары қандай маман даярлайтыны туралы тізім бар. Сонда көрсетілгендей жаратылыстану бағытын жоғары оқу орны оқытады деп шешім шығарылған. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мен негізгі орта білім беру мамандықтарын қамтып отырымыз.

Жаңа оқу жылында колледж базасы екі «Логопедия» және «Сандық технология» мамандығымен толықты. IT-ге сұраныс басым. Сондықтан өңірден істің көзін танытын, жаңашылдықтың жалауын жықпайтын маман көбейсе нұр үстіне нұр.

– Мұғалімдердің сағаты аз, жұмыс тапшы деген мәселе туындайтыны жасырын емес. Соған қарамастан жастар мұғалім болуға ынталы. Жалпы қай бағытқа сұраныс көп?

– Иә, педагогикалық мамандарға сұраныс көп. Негізі мониторинг жасап отырамын. Мәселен, бастауыш білім беру мамандығына 1 орынға 10 талапкер таласады. 25 орынға грант тағайындалса, 250-400 студент құжат тапсырып, оқуға түсуге ниетті болады. Демек сұраныс тым жоғары.

Дей тұрғанмен «масыл боламын» деген оймен мамандық таңдау дұрыс емес. Баланың ішкі дүниесіне үңіліп, қалауына құлақ түру керек. Талапкерді қабылдайтын уақытта сұхбаттасу өтеді. Комиссия құрамында міндетті түрде отырамын. Әр баладан «Мұғалім болғың келе ме? Әлде ата-ананың таңдауы ма?» деп сұрақ қоямын. Әрқайсысы әрқалай жауап береді. Қазір педагог мәртебесі көтеріліп, жалақысы артқаннан кейін баласына мұғалім болуды ұсынатындар көп. Бірақ салмағы басым салаға қателесіп келуге болмайды. Тұрасын айтқанда жеті рет өлшеп, бір рет кесу керек. Қазір қуантатыны, мамандыққа махаббатпен қарайтын, өз ықтиярымен келетін жас көп. Салада сіңімді еңбек етіп, мұғалім боламын деген баланың көзінен ұшқын көрсем ұстанымы мықты екенін аңғарамын.

Мамандық бойынша жұмысқа тұруды қиындатпау керек. Білікті маман жерде қалмайды. Егер адам мен қоғамды егіз ұғым десек, мемлекет барда мектеп саны ешқашан кемімейді. Тек маман даярлайтын жеке оқу орындарына лицензияны сұрыптап беру керек.

– Колледж формасына тоқталайықшы. Басқа оқу орындарында міндеттелген киім үлгісі жоқ. Ал мұнда студенттер классикалық үлгіде киінеді. Бұл «болашақ мұғалім даярлаймыз» деген ұстаным ба?

– 9 сыныптан кейін 15-16 жастағы жасөспірімдер оқуға келеді. Яғни кәмелеттік жасқа толмаған балалар. Ерік берсең, қысқа белдемше киіп, шаш жіберуі мүмкін. Әлбетте педагогикалық маман даярлап отырғанымызды да алға тартамыз. Сондықтан киім-кисіні қадағалау қисынды. Оның үстіне білім туралы заңда «бірыңғай форма» жайлы айтылған. Осыны да негіз етеміз. Жасыратыны жоқ, білім ошағында хиджаб, тобықтан түсетін шұбатылған көйлек киюге қатысты туындаған дау көп. Ал бірыңғай форма мұндай келеңсіздіктің алдын алады. Қыз баланың ақ жейде мен тізеден төмен түсетін белдемше кигені орынды. Ер балаға да классикалық стильді бекіттік. Бұл жинақы жүруге қалыптастыратыны сөзсіз. Сапалы тәрбие мен саналы тәрбиенің тоғысуы ескеңе ұрпақты өрге жетелейтініне сенім мол.

– Ізгі істердің басы-қасында жүресіз. Жастардың шығармашылық әлеуетін қолдауда ықпалыңыз зор. Колледж студенттері сізбен ашық пікірлесеміз?

– Ұстаздық – бала жанын баптау



Білім лицензиясын сұрыптап беру керек

деген сөз. Сегіз пен сын айтсақ та, астарында аналық мейірім жатады. Бітіруші түлектерді бірнеше жылдан соң көрсем де, ұмытпай, сәлем береді. «Маған сабақ бердіңіз ғой» деп жылы шырай танытқанда марқайып қаламын. Бұл – ұстазға көрсетілген құрмет. Тек аймақта ғана емес, іс сапар бойынша көптеген қалада боламын. Бәрі жоғары лауазымда, бір-бір қызметте жүр. Қазір әріптес те болдық. Оқытқан, тәлім берген шәкіртім ретінде көзіме оттай басылады, балаларым сияқты жақсы көремін. Сондықтан көрісіп қалсақ, ұстаз бен шәкірт арасындағы байланысымыз анық аңғарылады. Содан кейін ғана «әріптес» ретінде сыйласып, кеңесеміз. Әр студенттің ілтипаты ыстық.

– Басшылық қызметтегі ұстанымыңыз қандай?

– Ұстанымым – сапалы кадр даярлау. Талапкердің оқуға ынтасын жоймай, мықты маман жасақтау. Ұжымды ұйымшыл етіп, ынтамақпен ымыраға келуін жүйелейтін басшы екені анық. Сондықтан білікті

– Басшылық қызметтегі ұстанымыңыз қандай?

– Ұстанымым – сапалы кадр даярлау. Талапкердің оқуға ынтасын жоймай, мықты маман жасақтау. Ұжымды ұйымшыл етіп, ынтамақпен ымыраға келуін жүйелейтін басшы екені анық. Сондықтан білікті



оқытушылармен бірлесіп отырып жемісті еңбек ету маңызды. Бес саусақ бірікпесе бірлік те, береке де болмайтыны белгілі ғой. Тамырын тарихтан алған оқу орнымыздың айтулы жетістігі ортақ еңбек, тындырымды тірліктің нәтижесі.

Әрқашан жалынды жастарды қолдауда аянып қалғым келмейді. Бос уақытыма жас буынға байланысты мәселелерді қарап, демеу беру, ықпал ету негізінде ізденемін. Бұдан бөлек нормативтік-құқықтық құжаттарды қарап, кітап оқуға да көңіл бөлемін. Қысқасы, оқу орны болғандықтан біліммен қамтамасыз етіп қоймай, қызығушылығына сәйкес қабілетін шыңдауда қолдау көрсетуді құп көремін.

– Студенттер күніне орай жылы лебіңіз болса, мархабат!

– Студенттік шақ – жаңа өмірге дайындайтын кезең. Кейбірі ата-анадан алшақ, қала, тіпті ел асып кетеді. Мұндайда өзіне ғана сеніп, тірлік етуге тура келеді. Өзгенің қолына қарап жалтақтамас үшін зейінін де оқуға салады. Жаңа өмірге бейімделе бастайды. Сондықтан тартынбайтын табанды, белсенді болыңыздар. Мұның бәрі кемел келешектің кірпішін қалайды.

Әрбір шақ, сәт, уақыт көңіл көкжиегінде, жүрек түкпірінде сақталады. Студенттік кезең де еске алатын естелігімен ерекше. Қайрылса да қайта келмейтін уақытты босқа өткізбеу маңызды. Айтарым, таңдап түскен мамандықтың майталманы атанып, елге елеулі тұлға болыңыздар!

– Сұхбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен
Замира ҚОНЫСЖАН



ақпарат пен жаңа технология арқылы өтуі керек. Сонда оқулықтың маңызы қандай болмақ?

– Оқулық – маңызды ресурс. Инновациялық әдістің түр-түрі пайда болып, тың ақпарат тапқанымен теориялық білімнің орны айрықша. Жоспарды жүйелеп, тақырыпты түгендеп беретін де оқулық. Әрине қазір мұғалімнің сабақ беру тәсіліне өзгерістер еніп жатыр. Десе де ақпарат көзі көп деп, оқулықты шетке ысырудың жөні жоқ. Бұл салада 23 жылдық еңбек өтілім болса да әлі теорияға жүгінемін. Теория жоқ жерде тәжірибе жинақтау жеңіл болмайды. Демек оқулық – мәнін жоғалтпайтын құнды құрал.

– Білікті ұстаз шеберлігін арттыруды дағдыға айналдыру керек. Айтыңызшы, педагогтың инновациялық қызметке дайындығы қандай параметрлерге байланысты деп ойлайсыз?

– Шынтауайтында, еңбек маңдай тердің мөлшерімен өлшенеді. Колледж ұстаздары білім берудің озық үлгісін үйреніп, жаңашылдықты жат көріп жүрген жоқ. Оқытушымен қатар өзін де арнайы жетілдіру сабақтарын жібермеймін. Әр педагогтың қысқа мерзімді курстан өтуін назарға аламын. Өйткені кәсіби тұрғыдан деңгейді арттыру негізгі міндет. Бізде 208 оқытушы бар. 3 жыл сайын оқуға жіберу бойынша перспективалық жоспар жасаймыз. Жаңа оқу жылында да 67 мұғалім педагогикалық шеберлік орталығынан білімін жетілдіріп үлгерді.

Шәкірті шыңға шығып, жеңіс тұғырынан көріңсе ұстаздың ұлық қызметті абыроймен атқарып жүргені. Студенттің білім биігін бағындыруға үлес қосып, өзі де марапат мінберінен көрінуі кім-кімнің қолынан келе бермейді. Оқытушылар қатарында ғылым



Сценарий жазуға кәсіби білімнің қажеті жоқ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Сценарист – автор емес

Қазіргі таңда кинотуынды мен театр қойылымына атсалысу үстіндеміз. Кино немесе театр болсын, өзіме комедия жанрында сценарий жазған ұнайды. Бұған дейін «Ұлы дала жанұясы», «Әкесінің баласы», «НяняМая», «Көке», «А4» секілді sitcom, яғни комедиялық сериалдарға сценарий құрдым. Бәрі көрермен көңілінен шығып, оң бағасын алды деген сенімдемін. Алдағы уақытта толықметражды фильмге сценарий жазу ойда бар. Қазір дайындық процесі жүруде.

Ал театр саласында жүйелі ізденіс, тұрақты шығарылым бар деп айтуға болатындай. Себебі 2018 жылдан бастап «Өнер қырандары» әзіл-сықақ театрының сценаристі қызметін атқарамын. Қазіргі таңда шығармашылық ұжым қоржынындағы қойылымдар өзіндік бағытын қалыптастырып, мазмұндық ерекшелігін тапты деп ойлаймын. Театрдың 15 жылдық мерейтойына негізделген шығармалар да көрерменге жол тартты. Аталған шығармашылық еңбектерге үлес қоса алғанымды мақтан тұтамын.

Осы орайда шегініс жасап, маңызды ұғымның аражігін ажаратып алу керек. Театр саласында қойылымның идеясы барлық интеллектуалды еңбектің егесі болады. Яғни, оны автор деп атайды. Сценарист – автор емес, ол дайын идеяны дамытып, жанынан жанрға сай элемент қосып түрлендіруші. Мысалы, «Өнер қырандары» театры қойылымдарының негізгі авторы – Мәдиар Серікбаев.

Қазақ тілі сценарий жазуға септесті

Кәсіби мамандығым – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Қазақ тілі сценарий жазу дағдысын қалыптастыруға септесіп, сауатты маман болуға ықпал етті десем, артық емес. Өйткені сценарий жазумен байланысты сала. Онда грамматикалық қате кетуі ықтимал. Оған қоса әдебиет теориясынан барлық шығармаға тән құрылымды игеруге болады. Міне, осы артықшылық салаға бөтен емес екенімді сездіріп, дағдыны тез игеруге жол ашты.

Алдағы уақытта білім жетілдіру ойда бар. Қазір қосалқы білім, яғни, курстар мен семинар-тренингтен алған білім кәдеге асуда. Оған қоса бала кезден фильмге араласып, қызу ортада жүргендіктен, білігімді дипломмен растауға қажеттілік жоқ.

Көркем туындыға сценарий жазу үшін міндетті түрде кәсіби білім керек пе? деген сауал жиі қойылады. Сол сұраққа жауап беретін уақыт келген секілді. Меніңше, сценарий жазуға кәсіби білім қажет емес. Сценарий жазу – өнер. Ал өнерге тума талант, жазу-сызуға қабілет жеткіздікті. Ынтасы бар әрбір адам өзінше нәтиже көрсете алады. Сондықтан арнайы оқу міндет емес.

Салаға жаңа қадам басқан жас шалыс ойламауы үшін айтайық. Сценаристке арнайы кәсіби оқу қажет емес, бірақ жүйелі ізденіс керек. Қосалқы курс, семинарларға қатысып, жүйе қалыптастыру орынды. Ізденген өнерпазға барлық мүмкіндік бар, керек адам табылады. Белгілі кинорежиссёр, сценарист Жандос Құсайыновтың

«Киносценарий әліппесі» деген кітабы бар. Сол еңбекте барлық қажетті дағды толық қамтылған. Оған қоса көптеген талантты әрі тәжірибелі мамандар курс өткізеді. Мұның барлығы мүмкіндік есігі екенін естен шығармау шарт.

Отбасылық драма жаным жақын

Маған отбасылық, комедиялық драма жақын. Тұрмыс қатпарын әзілмен жеткізіп, мағыналы мән түйге үндейтін бағытқа бет бұрудамын. Десе де жанр алуандығы маманды жетілдіре түсетіні анық. Сондықтан өзге жанрдағы шығармаларды назарда ұстауға тырысамын. Өсіресе, әлемдік классикалық туындылардың сценарийін бақылаған ұнайды.

Мәселен, көбі жазушы қатарына жатқызатын Стивен Кинг сценарий бағытының шексіздігін ұғындырды. Оның киносценарист ретіндегі еңбегі фантазиялық ұтқырлық, идеялық ерекшелікке толы. Әрбір экранизацияланған шығармасындағы жанрлық бояу қайталанбас қолтаңбаға толы. Бүгінде көптеген сценарист автор шығармасындағы элементтерді қолданып жүр.

Сондай-ақ Кристофер Ноланның кинотуындылары ерекше әсер етеді. Олар атсалысқан «Оппенгеймер» фильмінің сценарий құрылымы жаңалыққа толы. Netflix-тегі танымал фильмдердің сценарий жазған ағайынды Дафферлер де ерекше атауға тұрарлық.

Үздік үштік кім?

Қазақстандық сценаристер де өзіндік жол қалыптастыра алды деп санаймын. Әрбірі түрлі жанрдың алға жылжуына күш-жігерін салуда. Дегенмен үздік үштікті нақты атай аламын. Алғашқылардың қатарына «Өнер қырандары» театрының бас сценарисі, ұстазым Әбусаид Төлегенов енетіні сөзсіз. Одан кейін BAS Production кинокомпаниясының сценарисі Рүстем Омаровты ерекше атауға болады. Оның еңбектері комедия жанрындағы құбылыс болды десем, артық емес. Қазақстандық киноиндустриясында кассалық өзгеріс әкелген «Бизнес по-казахски», «5:32» фильмдерінің сценарий авторы Әлішер Өтеповті де білікті маман санаймын.

Корей мәдениеті ізімен

Қазақ кино, театр саласында бағыт түрленді. Экшн сахна көбейіп, хоррор, скринлайф секілді жанрлар белең алды. Алғашында тек комедия танымал болса, қазір көрермен өзге жанрларға қызығушылық танытуда. Режиссёр, сценаристер де оқырман сұранысына қарай жанжақты ізденуде.

Мысалы, Оңтүстік Корея мемлекетінің киноиндустриясы осы үрдісті бастан өткерді. Алғашқыда халық тек отбасылық комедияға әуес болса, кейін экшн, психология элементтері бар бағытқа ойысты. Тіпті қазір аралас жанрлардан құралған фильмдер танымал екен.



Сондықтан мен де қазақстандық қысқаметражды фильмнің жанр аясын өсіріп, оқырманның талғам кеңістігін ұлғайтқым келеді. Бұл бағытта екі фильмнің сценарийін бітірдім. Түсірілім жақын арада басталатын болады.

Кез келген өнер адамы үшін шығарманың жоғары баға алуы маңызды. Бұл алдағы жоспар мен ұмытылысқа тікелей әсер етеді. Менің де сценарий жазған туындыларым көрерменге ұнаса, әрбірі еңбегімнен мән-мағына мен астар тапса, ойға алған міндеттің орындалғаны деп білемін. Сол үшін қарым-қабілетім жеткенше сапалы жазуға әрі қоғам назарындағы мәселелерді, өсіресе, отбасылық қатынастарды әзілмен жеткізуге тырысатын болатын. Негізгі миссия да – осы.

Өңгімелескен
Е. ШАМШАДИН



Қазақша фильм үлкен сұраныста. Кинотеатрда бірнеше фильмнің тұсауы кесіліп, көрерменге жол тартты. Соның ішінде «Міржақып, Оян қазақ!» фильмін айтуға болады. Ұлт тарихы, Алаш тақырыбында мұндай туындылар сирек жарыққа шығады. Фильм шыққалы оны әлі келгенше жарнамалап, туындыны көруге үндеп жатқандардың көптігінен тарихты түгендеуде жұрттың ынтасы зор екенін аңғарамыз. Сонымен қатар Жаһан Отарғалиевтің «Жол» фильмі аз уақытта көрермен жүрегін жаулап үлгерді. Оған қатысты сыннан жағымды пікір екі есе көп екенін аңғару қиын емес.

Үй алғысы келіп, алдауға баратын жігіт зағип жандардың

барлығы көрерменге етене таныс. Себебі бұл комедияның әр маусымын асыға күтетін жанұя көп.

Әр сериалда ерекше сәт, қызықты оқиға, риясыз әзіл бар. Ал «Келінжан-2» комедиясы көрерменге 19 қазаннан бастап ұсынылды. Кинотеатрда үздіктер қатарында. Бір айта кетерлігі, отандық телесериал нарығында бесінші маусымы түсірілген сериал жоқ. Фильм «Тұмар» сыйлығын иеленген. Әр маусымы тарих, әр кейіпкері өзінше бір төбе. Жалпы, 5 маусымда 126 серия

жақында бір фильмге басты рөлге шығыпты. Сол киноны асыға күтіп жүрмін. Қазірдің өзінде клип арқылы көпшілікті өзіне қаратты, – дейді Ажар есімді қала тұрғыны.

Әлемде алдыңғы орындар. Жұптардың жиі ажырасуының басты себебінің бірі – ене мен келінің сыйыспауы. Бұл бөлкім көп адам байқай бермейтін, тіпті байқаса да, фильм түсіруге батпай жүрген тақырып шығар. Біз осы туындыны әркім мінді өзгеден емес, өз бойынан іздесе, бір-біріне түсіністікпен қараса біраз отбасыны сақтап қалуға болар ма еді деген оймен түсірдік», – дейді ол. Айта кетейік, басты рөлде ойнаған Сәбира Ақатай, Мәдина Ақатай. – Комедияны отбасымен бірге тамашаладық. Келіндерімді

Алматыдан келген қонақтың көңілін табу үшін Дәулет әжесі дайындаған бесбармақты ұсынады. Дәмі тіл үйірет етке риза болған танымал ресторатор жас аспазды өз мейрамханасына жұмысқа шақырады. Енді ол ерекше тағамды тез әрі әжесінің тәтті дәмдеуіш етіп жасауға мәжбүр болады.

Фильмдегі басты рөлдерді Рамазан Амантай, Аян Өтепбергел, Роза Мұқатаева, Қуандық Шәкіржанов ойнайды. Шығармашылық ұжым комедия арқылы ұлттық құндылықтарды ұтымды дәріптей білген.

– Бір комедия арқылы біздің қазақ екенімізді, салт-дәстүріміз, сондай-ақ ұлттық тағамымызды көрсете білген. Ұлттық құндылықты ас арқылы бүкіл елге дәріптеді.

Қазақша кино

арасына түсіп қалады. Жалпы, елде баспаналы болу мәселесінің қаншалықты өзекті екені, зағип жандардың қоғамда мүмкіндігі шексіз екені фильмде көрініс тапқан. Бұл фильм адамға үлкен ой салады. Ең бірінші байлық – денсаулық екенін ұқтырады. «Дүние-мүлік – қолдың кірі». Режиссер осыны көрсеткісі келген. Осы орайда өзге де топ фильмдерге шолу жасасақ,

«Келінжан-2» – нағыз қазақты өмір бейнеленген фильм

«Келінжан» комедиясы біраз уақыттан бері ғаламтор желісінен көрсетілуде. Ондағы кейіпкерлердің

түсірілген.

Соңғы 5-маусымды 51 миллион адам тамашалаған екен.

Фильмнің бас продюсері Гүлнұр Мамасарипова оны үлкен экранға шығару үшін қаншама ай еңбектенгенін тілге тиек етті. «Биылғы «Келінжан-2» Айсараның еншісіне тиді. Басты кейіпкер – Айсара. Негізгі олай болғанын монтаждаған кезді бір-ақ көрдік. Жалпы дәстүрден таймадық, «Келінжан» тек арзан күлкіге толы емес, оның айтар дүниесі болды. Қазіргі заманда басты құндылық – отбасы. Бұл жолы да жанұяға басымдық берілді. Трейлерінен Нұрлан имамды байқадыңыздар. Қоғамдағы барлық трендті қамтуға тырыстық. Оны хайп, хейт үшін емес, осы туындының мазмұнын аша түсу үшін қамтыдық», – деді продюсер сұхбатында.

– Маған Айсара қатты ұнайды. Оның өзін-өзі ұстауы, сөйлеу мәнері бәрі де көңілімнен шығады. Бұл сериалды ғаламтор арқылы үзбей көріп отырамын. «Келінжан 2»-ге Айсара үшін келдім. Басқа фильмнен ерекшелігі көп. Мұны отбасымен бірге тамашалауға болады. Кей киноны жанұямен көруге уяласың. Сондықтан да бұл фильмді жоғары бағалаймын. Дариға Бадықова

«Бөлек шығайық»-тың соңы не болды?

Ене мен келін тақырыбы өзекті. Себебі ененің анасындай, келінін қызындай қабылдаған жан некен-саяқ. Сондай-ақ ата-енесінен бөлек шыққысы келетін келіндер бұрын да болған, қазір де бар. Себебі шаңырақ көтерген жас келін жаңа отбасыға сіңісе алмай, жауапкершілікті алып кете алмай, бөлек шығуды армандайды.

Сөйтіп күйеуіне «қалай да бөлек шығу керек» дегенді санасына сіңіреді. Бұл комедияда да дәл солай. Бір ерекшелігі, фильм шынайы өмірден алынған. Мұны режиссер Нұржан Еркінұлы растады. «Бөлек шығайық» фильмінің қозғал отырған тақырыбы қазіргі қазақ қоғамында өте өзекті әрі маңызды мәселе деп ойлаймын. Қазір Қазақстан ажырасу бойынша

әкелдім. Көрейік, бірге ой түйейік дедім. Менің екі келінім бөлек тұрады. Біреуі қолда. Бірақ ол әзір «бөлек шығайық» деген әңгіме қозғамайды. Байқасам, өмірдегі ашы көрсете білген. Қазіргі таңда тұрмыс құра салып, бөлек тұрғысы келетіндер жетерлік. Немере қарап, үйде отырғысы келмейтін енелердің де барын айтып өткен жөн. Жастарға ой саларлық дүние түсіргені қуантты. Алдағы уақытта да астарында ой бар дүниелер жарыққа шықса деген ниеттемің, – дейді Айман есімді қала тұрғын.

«Бесбармақ» ұлттық құндылықты дәріптейді

Бұл фильмге де сұраныс жоғары. Кешкі уақытта барсаңыз, ұзын-сонар кезекті көресіз. Қазақтың ұлттық тамағын кино арқылы дәріптеп, киноға арқау етіп, ұлттық салтты, дәстүрді насихаттауды мақсат еткен режиссердің бұл туындысына оң баға берілген.

Tiger Films продюсерлік компаниясының жаңа туындысы бала арманына жол тартқан кейіпкердің өмірі туралы баяндайды. Фильмде шағын дәмханана жұмыс істейтін Дәулет есімді жігіттің қызықты оқиғалары өрбиді.

алға сүйкімбі

Жастардың санасына патриотизмді қалыптастыра білді, – дейді фильмді жақында тамашалаған студент Өсет.

1 желтоқсан күні Дариға Бадықованың «Тамтым-ау сені» киносы көрерменге жол таратады екен. Клипте байқанымыздай, басты рөлді Дариға сомдайды. Ғазизхан Шекербекөвтің «Сезім үшін» әні фильм барысында орындалған. Дариға мен Олжастың орындауындағы бұл ән бүгінде хит. Сонымен бірге жақын арада басқа да қызықты фильмдер көрерменнің қуантпақ.

М.САБЫРЖАН



СТУДЕНТТЕР ПРЕЗИДЕНТТІК СТИПЕНДИЯ ИЕЛЕНДІ



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 25 студенті Президент стипендиясына ие болды.

Стипендия оқу үлгерімі «өте жақсы» және оқу орнының қоғамдық жұмыстарында белсенділігімен ерекшеленген білім алушыларға тағайындалды. Сондай-ақ, күндізгі оқу нысаны бойынша 3-курс бастап мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында және ақылы негізде тек өте жақсы оқитын студенттерге беріледі.

«Жерге орналастыру» мамандығының 4-курс студенті Ақбота Әміртай биыл да Президенттік стипендия иеленді. Ол үздік оқумен қатар қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, көптеген байқау жеңімпазы атанған. «Университетте білім алумен қатар ғылыми зерттеулермен айналысып, осы сала бойынша бірқатар жетістіктерге қол жеткіздім. Институттың белсенді тобының мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстарға атсалысып, ұйымдастырушылық қабілетім шыңдалды. «Bilim-örkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен 2021-2022 жылғы еліміздің жас түлектерін қолдау мақсатында өткен «ТМД-ның үздік түлегі – 2022» байқауына қатысып, II дәрежелі дипломмен марапатталдым. Биылдан бастап стипендия көлемінің артқанына қуаныштымын, бұл – жастарға үлкен мүмкіндік», – деді Ақбота.

ҮШ ОҚУШЫ УНИВЕРСИТЕТ ГРАНТЫН ЖЕҢІП АЛДЫ



Қызылордада Hackathon идеялар байқауы дәстүрлі түрде өтіп келеді. Осы кезге дейін 1000-ға жуық жас IT бағытта жоба жасауға ынта танытқан. Ал, биыл «Өзірлеу», «Модельдеу», «Медиа&Білім» бағыты бойынша 120-дан аса жоба қорғалды.

IT салаға бейім жастар түрлі сайт, мобильді қосымшалар жасап, 3D модельдеу арқылы жобалар ойлап тапты. Сондай-ақ, жасанды интеллект, робототехника элементтері бар өнімдер ұсынды. Байқау аясында онлайн оқыту, анимация мен кинематография бағытында жаңаша жобалар жарыққа шықты.

Байқау нәтижесінде «Модельдеу» секциясы бойынша «Ақылды мектеп» жобасын жасаған Асылтас Шөментай, «Өзірлеу» секциясында «Game day» жобасымен Зарина Әзенова және «Медиа және білім» секциясы бойынша «Feed up» жобасын жасаған Әли Талапқа Қорқыт ата университетінің білім гранты бұйырды.

«ЖАС ЖҮРЕК ЖАЙЫП САУСАҒЫН...»



Өскелең ұрпаққа заман ағымына сай білім беру заман талабы. Бұл тұрғыда ұстазға қойылатын талап жоғары екені анық. «Сабалақ» саяжайындағы №285 мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты ұжымы осы жауапты міндетті абыроймен атқарып, бәсекеге қабілетті шәкірттер тәрбиелеуде. Мұғалім мен оқушы үйлесімі сәтті нәтижеге бастауда.

Соның бір мысалы – ақындар мүшайрасы. Жақында жас маман әрі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Іңкәр Оразаева «Ақындар үні» атты мектепшілік ақындар мүшайрасын өткізген болатын. Шара барысында жас таланттардың шығармашылық қабілетін дамытуға жол салынып, шәкірттердің қабілеті ашылды. Аталған мүшайраға мектептегі ақынжанды оқушылар белсене атсалысты. Нәтижесінде 9 сынып оқушысы Фарида Орынбекқызы I орын иеленген. Тағылымды шараның септесуімен Фарида өзге де сайыста оқ бойы озық шықты. «Төлеген Айбергенов оқулары», «Ақберен оқулары» сайысында да жеңіс тұғырынан көрінді.

Қуанарлығы, мектептегі оқушылары туған жерге деген махаббатын әдеби туындылар арқылы көрсетуге құмар. Ой толғанысын қағаз бетіне түсіп, жыр шумақтарын көпшілікке ұсынуға асық.

Ғалия ӘДІЛБЕКҚЫЗЫ,
№285 мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі

КҮЙ ~ ДОСЫМ, ДОМБЫРАМ ~ ЖАН СЕРІГІМ



Сыр елі – жыраулар арқау еткен құтты мекен. Ұлттық құндылықты дәріптеп жүрген жас өнерпаздар еліміздің мәдени өркендеуіне үлкен үлес қосуда. Қазақтың қасиетті де қастерлі домбырасын жанына серік еткен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының түлегі Темірхан Бейбіт солардың қатарында.

– Күйшілікке ден қойғандар аз емес. Бірақ бұл өнер табыс әкеле ме?

– Жоғары оқу орнында жүрген кезден бастап табыс табуға болады. Себебі жасөспірімдерге арналған домбыра, фортепиано және т.б. жекеменшік үйірмелер қазіргі таңда танымал. Жылдан жылға қарқынды дамып, кәсіп көзіне айналуға. Көптеген қала немесе ауылда домбырашы немесе жақсы орындаушыға сұраныс өте көп. Домбырашы қабілетіне байланысты филармония жанынан құралатын ансамбльде немесе оркестрде де өнер көрсете алады. Жеке орындаушы ретінде де қарыштауға мүмкіндік бар. Балалардың қабілетін қанаттандыру шығармашыл жасөспірімдерге шарықтауға мүмкіндік. Осы орайда еш үміт жоқ деген күннің өзінде сол топырақтың өнері бар деген мән ауыл балаларына оқытушы бола алады.

– Күй қоржыныңызда қандай шығарма басым? Сыр бойының күйшілік мектебі сізге қаншалықты ықпал етті?

– «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмаған. Сыр бойындағы күй өнері жырдан бастау алатын болғандықтан, күйдің басым көпшілігі жыр тектес болып келеді. «Өр өңірдің адамдарының қанында сол топырақтың өнері бар» деген ойға толықтай келісемін, себебі менің сүйіп орындайтын, барынша сезініп тартатын күйлер осы Сырдың қастерлі қойнауынан

шыққан. Әрбір домбырашының жадында күй ойнар алдында «Күйді түсінгің келсе, Қазанғалты орында» деген нақыл сөздері жаңғырады. Қазанғал күйлері күйді түсінудегі тәжірибемді әлі күнге дейін қалыптастыруға ықпал етіп келеді.

– Өзіңіз шығарған күйлер несімен ерекше? Еліктеу мен өзге авторлардың мотивтері қайталанды деп ойламайсыз ба?

– Домбырашы ретінде ауыз толтырып айтатын сәтті күйлерді шығардым. Бұлай айтатын себебім, ұстаздарымның сынынан сүрінбей өтіп, жоғары бағаға ие болдым. Туындыларымда Сыр бойы күйлерінің мотивтерін негізге алдым. Жыр тектес және қазіргі заман күйші композиторлардың қиялын, очеркісін қолдана отырып, көптеген дүние жарыққа шықты. Әрине, жас домбырашы даму үстінде болғандықтан, еліктеусіз болмайды және бұны бұрыс деп қабылдау әбестік болар. Ұстаздарымның жолын қуып, сол кісілер секілді өз қолтаңбамды қалдыру мақсатым.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Өңгімелескен Нұршат НЫШАНОВА



Жас буынның жаңашылдыққа бет бұруы, тың бастамаларға ұмтылысы – келешек кепілі. Бүгінде жастар түрлі салада өзгеріс жасап, ерек идея арқылы Жаңа Қазақстанның қалыптасуына ықпал етуде.

Мемлекет те өз тарапынан ізденімпаз өрендердің өрісін кеңейтуге күш салу арқылы мүмкіндік алаңын қалыптастыруға құлықты. Тіпті, бұл бағытта әлеуметтік бағдарлама, кәсіптік жоба, саяси шешімдер қабылданғанын білеміз.

Солардың арасында «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының алар орны ерекше. Бұл жобаның мән-маңызы ғана емес, жарыққа шығу уақыты да символикалық ерекшелікке толы. Олай дейтіміз, Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 30 жасқа «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын табыс еткен болатын. Енді, міне, ерекше жоба жалғасын тауып, биыл да грант жалғасуда.

«2021 жылдан бастап жыл сайын жастарға 3 миллион теңге мөлшерінде «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес» және «Медиа» бағыттары бойынша «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты беріліп келеді. Грантқа 14 жастан бастап 35 жасқа дейінгі жас адамдар үміткер бола алады. Өтінімдерді қабылдау 26 қыркүйектен 26 қарашаға дейін жүзеге асады, қазір конкурстық рәсімдер бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Үміткерлердің конкурстық өтінімдері 26 қарашаға дейін электронды нұсқада t.urpaktary2023@gmail.com электронды поштасы арқылы қабылданады (байланыс нөмірі: 8 (7172) 74-12-78), – дейді облыстық

Жастар ресурстық орталығының директоры Талғат Тілес.

Бұдан бөлек, жастардың «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына қатысуына мүмкіндік бар. Ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарға ұсынылады.

Байқау «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Креативті бастамалар», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы» секілді номинациялар бойынша өтеді.

Сыйлықты алуға халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдар мен түрлі шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен 35 жасқа дейінгі азаматтары үміткер бола алады.

Конкурсқа қатысуға құжаттар 2023 жылғы 20 қарашаға дейін Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті (қағаз нұсқада) мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 10, «Министрліктер үйі» ғимаратында (14-кіреберіс) қабылданады. Ал электрондық нұсқаны premtia.dagyn@gmail.com поштасына жолдауға болады.

Қоғам қайраткері, публицист, әдебиет пен мәдениет ұғымдарының торабын тоғыстырған Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығының қорытындысы өтті. Бұл туралы облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова хабарлады.

– Халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымы 2023 жылды Темірбек Жүргенов жылы деп мәлімдеді. Қазақ халқы мен жалпы Орта



ел жастарға кеңінен ұлықтаудың маңызы жоғары екенін атап өтті.

– Жүргенов – ұлт жанашыры бола білген, ерлігі ел есімінде қалған мәртебелі нар тұлға. Көшбасшылық қасиеттерін алға сүйреп,

халқына қызмет етіп, парасатты ғұмыр кешкен тұлғадан қазіргі жастар үлгі алса екен деймін. Артында қалған сан түрлі мәдени мұра мен ерен еңбек халық жадынан өшпесті. Жастарға

осындай дара тұлғаларды дәріптеп, олардың ұлы істерінен сабақ алуға жетелеуді жіті бақылауда ұстау қажет, – дейді қоғамдық қор төрағасы.

Нұршат НЫШАНОВА

ТАЛАНТТЫ ТҰЛҒА ЖАСТАРҒА ҮЛГІ

Азия тарихында дара тұлға болып есте қалған мәдениет қайраткері Темірбек Жүргеновтың шығармашылығын дәріптеу мақсатында түрлі танымдық шараларды өткізу халықаралық және республикалық деңгейде жүзеге асты. Мәдени шаралардың қорытындысы «Темірқазық» атты

мерейтойлық концертпен өз мөресіне жетті. Айтулы кеште өнер академиясының 68 дарынды өнерпаздары талантын паш етті, – деді басқарма басшысы.

Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қор төрағасы Сәби Аңсат Темірбек Жүргеновтің жеткен жетістіктері мен мәдени еңбектерін

Өнер атаулыда бекзаттық болмыс пен интеллект таным түйіскен бағыт – поэзия. Осы орайда әдбиет кеңістігінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, өлең өрнегі арқылы лайықты баға алып жүрген жерлестерімізді насихаттау кезек күттірмейтін қадам. Сондықтан бүгінгі «Шабьт» айдарында Сыр өңірінің көркем әдебиетінің қос өкілі – Биболат Сәтжан мен Куаныш Өмірбектің өлеңдерін оқырман назарына ұсынып отырмыз. Ақындардың сезім иірімі, көңіл бұлқынысы тудырған шығармалар өлеңсүйер қауымды бейжай қалдырмасына сенімдіміз.

Мына әлемде мен ғана үнсіз қалдым

КҮЗКҮТКЕН

Жасырулы жүректің түбіне өлең,
Жылуына жаздың да жібімеген
тоңға ұқсайды!..
Мендегі бір өкініш
Үйлескенде мезгілдің мұңыменен.

Мұңдарыма амалсыз сендім дағы,
Сеніміме тағы үнсіз келдім налып.
Мына әлемде мен ғана үнсіз қалдым,
Ділмар болып кеткенде елдің бәрі.

Елдің бәрі айтатын әнге үздігіп,

Құлақ түрсем қариды жанды ызғырық,
«Сұлулық» деп шырқайды ән.
Ал сұлулық - Адамның күзде кешкен жалғыздығы.

Бағыма, арманыма, жаныма күз Орнайды.

Мұңданамыз тағы да біз.
Бар мәні тамшы мұндай күзгі өмірдің,
Бір ғана сөз, ол сөз де мағынасыз.

Мағынасыз адамның ғұмырындай,
Еш пенде мән бермеген ұлы ұғымдай.
Күз келеді, ызғарлы тыныштығы
Жол қараған жанардың тұнығындай.

Тамып түскен шық түстес таң нұрынан,
Жол қараған жанарым талды мына.
Еріп кетер секілді бұл жүрегім,
Келер күздің майбүркек жаңбырында!..

Біреуді ең жақын дос көрем,
Жай күнде жүрсем де басқамен.
Бүлініп жатпай-ақ ештеңем,
Кей-кейде булығам жасқа мен.

Ұмытылмас естелік тым ұяң,
Ұмытылған алыс бір кез үшін.
Ашынған шақта да жымыям,
Біреудің бір жылы сөзі үшін.

Біреудің жоқтығы жасытқан,
Біреулер кетпейді жанымнан.
Белгісіз біреуге асыққам,
Белгісіз бір жайды сағынғам.

Тәрізі, бәрі үнсіз, десе де,
Өр ісі, қимылы сөйлеген.
Мыңдар жүр мен жүрер көшемен,
Мен құсап мың түрлі ойменен.

Көкейде сұрақ бір, мұрат бір,
Жалғыздық, мен сонсоң әлгі мың.
Армансыз өкіре жылап бір,
Өзіме қаратсам барлығын.

Қосылып жылар-ау сол көше,
Биікке жете алмай бөжек үн.
Бәрінен үмітсіз пендеше,
Үзілер содан соң өзегім.

Болады-ау дүние нәлалы,
Бір ақын келмеске маңды деп.
Дәптерде бір өлең қалады,
Мен сүрген өмірден мәндірек...

ОЙХАНАДАҒЫ ӘҢГІМЕ

Бұл өлеңнің Қарапайым ырғағы – Жүрегіміңнің Баяу соғып тұрғаны.
Қаперіне алмаса да басқалар,
Тек ырғақта болмаса да жыр мәні –
Бұл өлеңнің қарапайым ырғағы.

Мін іздесең, Табу оңай, мінсіз кім?!
Мән іздесең, мәнсіз күнім – жырсыз күн.

Сен айтарың жоқ болған соң көпіндің,
Мән айтарым көп болған соң үнсізбін.

Есім түзу, тым ақылды емеспін,
Айтпайды ғой ақымақпын деп ешкім.
Сен де мендей жалғыздықтың мұңысың,
Мен де сендей бір-ақ сәттік елеспін.

Бар еді ғой бәрімізге тең өлшем,
Бірақ маған жат көріндің неден сен?
Мұңыңды айтшы, мұңдасуға лайығым,
Шыныңды айтшы, жылайсың ба мен өлсем?..

Сырып тастап перделерін қайғының,
Сырласайық, сырым ғана байлығым!
Байқар дейсің тек біз білген жайды кім,
Айтар дейсің тек бізде бар ойды кім?

Сыртымыздан айтылса да көп кесім,
Бұл ойымнан бар ма басқа нақ шешім?
Сырымыз жат, мұңымыз жат боп жүріп,
Бостан босқа өмір өтіп кетпесін.

Кезең солай өтті де тағы өтпелі,
Қалпына түсті бәрі әдеттегі.

Көп кеңестен қара үзер кез боп содан,
Ұйқы тілеп қызарған көзге ұқсаған.

Іңір алды шулады пері ішінде,
Бөлмеңе әлдекімнің демі сіңген.

Өзірейіл келгендей күзден ықтап,
Өзірге көрінгің жоқ өзге жұртқа.

Ал, олардың анты да айнымалы,
Сен ғана тойына алмай қайғыға әлі.

Тырнап ашып көзінді түс ауғанда,
Түн қайда кетті дейсің,
Мысалға ол да.

Көрінгенге қол жайған қайыршыға,
Күлгендей қасірет не уайым шығар?

(Көп жылдар жолын тосқан қайырымдының
Уайымы секілді жай мұңдының).

Анығы,
Бір салқынды сезді діл де,
Күз – жалғыз өткізетін мезгілің бе?

Қырлы әйнектің жылтылындай көз ілесіп,
Үлгермес күрсінгенің сенің осы...

КЕРЕКСІЗ

Бар арманын ақтарып,
Жылауға да шақ қалып.
Жазбақ еді жаңа жыр,
Таза парақ таппады...

Гүл қалаған көңілді,
Былғамаған кім қалды?
Жыр қалаған өмірді,
Ұрламаған кім қалды?

Өмір – осы, ешкімге
Өкпелеуге болмайды.
Өз көркіне өзі таң,
Алыстағы бір ару
Ойлады ма ол жайлы?

Абайсызда Аллаға
Антын бұзған сопыдай.
Жалғыз қалған сол ғана,
Жыр-дұғасын оқымай.

Қайда қалды арманы?
Қайда қалды ардағы?
Ол жүретін көшенің,
Бүгін шамы жанбады.

Шығарып та салмады,
Ешкім, оны тоспады.
Болмашыға алдану –
Бұл бағдарсыз босқаны.
Басқа пайда жоқ мұнан.
... Көше соңы – көк тұман...

Сол тұманға емінді,
Сорын жұтты қиялдың.
Өз-өзінен жерінді,
Өз-өзінен ұялды.



Бір сөз үшін өкінді,
Бір кез үшін опынды.
Сол көшенің шамындай,
Сөніп қалған секілді.

Көз алдың тұман, көк сағым...
Есіңе салып көңілің ойдың жаңасын.
Күйіп те жанып батса күн,
Күйігіңмен жеке қаласың.

Арта да беріп ділге жүк,
Сол шығар, сірә, ақылдан ада болғаның.
Денеңе симай кетесің солай түн кезіп,
Ойыңнан озып он қадым.

Нетерсің тағдыр алдаса?
Болмағаныңа өкініп жансыз меніреу.
Сезім бұғанда жылай алмайтының болмаса,
Ең әсерлі сөз ғой еңіреу.

Қайтымсыз не бар?
Тегін кетіпті қай нала?
Түңілген жандар тауып та жүр ғой өстіп ем.

Тірі пендемен түсінісем деп ойлама,
Түсінгенін ғана естір ел.

Өз мылқаулығымен қалсын да бірге бұл ғалам,
Түнеріп солай тұрсын көк.
Жүректі сақта жарылып кетпей шыдаған,
Алғыс айт маған, жанымнан қалмай жүрсің деп.

Жан кешпеген бір көл жайлы үнсіз толғаншы,
Жалғыз-ақ тамшы жасты аңсап.
Жалғыздар сондай арманшыл,
Жалғыздар сондай жасқаншақ.

Сол жалғыздарша еңіреп іштей жыласаң,
Мүрдесін құшып сезімнің.
Мен ғана сені жұбатам,
Мен деген мынау – өзіңмін!

Биболат СӘТЖАН



Қай көктемде кездестік сен екеуіміз?

Уәзірлер
Және құлдар!
Бәрі менің еңсемді басады –
Жаңалықтар,
Хабарлар,
Ақпараттар,
Банктер,
Кредиттер...
Сот,
Қамақтар...
Ескі үйлер,
Ескі жолдар...
Ескі ереже...
Столдар,
Орындықтар,
Ақ парақтар...

Бәрі менің еңсемді басады,
Көз жасына боялған омыраулар...
Басы екеулер...
Шекпені,
Шені барлар,
Адамдар,
Қатынастар,
Сатқындықтар,
Сигналдар,
Сағаттар,
Қоңыраулар!!!
Бәрі менің еңсемді басады,
Қоғам...
Өмір...
Және де күйік,
Арман,
Еңсем – илеп-илеп иі қанған!
Кешіріндер,
Адаммын мен осындай,
Жер шарыны басына киіп алған...!

Қалқам,
Мен сені құтқарғым келеді:
Непсі құрты кеулеп алған адамнан,
Жанарына жау жасырған жаманнан,
Екі көзі қанталаған қабаннан,
Қыздың арын қылқындырған заманнан...

Қалқам,
Мен сені құтқарғым келеді:
Кірпігіңе ұйып қалған тамшыдан,
Еріндерден,
Сезімдерден қаңсыған,
Ұятыңды осып түсер қамшыдан,
Махаббаттан жүрегіңді жаншыған!..

Қалқам,
Мен сені құтқарғым келеді:
Ардың құны өлшенбейтін арадан,
Жазылмайтын және бітеу жарадан!
Көше толы қалың иттен қабаған,
Қалтасымен қағып түсер ағадан...

Қалқам,
Мен сені құтқарғым келеді:
Кешкі астардан...
еш себепсіз гүлдерден...
Қыздың жасы төгілетін түндерден,
Еркіндігің бұғатталған діндерден...

Қалқам,
Мен сені құтқарғым келеді!
Құтқара алмадым...

Жоқ

Бетімді сипаласам иегім жоқ,
Етімді сипаласам сүйегім жоқ.
Жасын ішіп күнелтем біреулердің,
Күнелтем біреулердің жүрегін жеп...

Бұл өмірден мендейлер көп табылар,
Өзін өзі боққа да
Отқа да ұрар...
Жүрегім жоқ,
Бетім жоқ,
Беделім жоқ...
Адам солай өзінде жоққа құмар...

Тәңірінен ар тілеп,
Ұят тілеп,
Көзімнен жас,
Көңілден күй ақты көп.
Менде неге ақыл жоқ күн кешірем –
Анамнан жаңа туған сияқты боп...

Қарашы тал бүрледі,
Тал бүрледі,
Көбелектер бақытты әр гүлдегі!
Қай көктемде кездестік сен екеуіміз,
Қай көктемде шығарып салдың мені...

Қарашы көк өрледі
Көк өрледі,
Бір махаббат оянды-ау тереңдегі.

Мені сенен қай көктем алыстатты,
Қайсы көктем әкетті сенен мені?!

Тыңдашы қаздың үні
Бұлбұл әні,
Бұлбұлдың салған әні «кім кінәлі?...»
Көз ішіне бір тамшы тұнып алды,
Көз ұшында бір арман бұлдырады...

Қарашы жаңбыр ауды,
Жаңбыр... Жаңбыр,
Менде жалғыз тамшымын қаңғырған бір...
Тас сияқты мелшиіп мыңқ етпейтін,
Недеген тағдырлар бұл...

Куаныш ӨМІРБЕК



Бұл өлеңімді ешкімге арнаймын...

Бәрі менің еңсемді басады,
Партиялар,
Діндер,
Үнсіз қырылыстар...
Аспанда қалықтаған «ұры құстар»...
Үйсіз...
Күйсіз «бомждар»,
Қайыршылар...
Бітпей қалған құрылыстар...

Иеленіп болдыңдар әлемімді әр,
Күе – жүрек,
Күе – көз жас...
Дәлелім – зар!
Бәрі менің еңсемді басады –
Патшалар...



«ЖАҢА ГЕНА»:

СҰЛТАН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Рингке керемет киім үлгісімен шығып, ел байрағын дәріптеген Сұлтан Зауырбек спортсүйер қауымға таныс. Соңғы кездесулерінде Алаш қайраткері, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың суреті бейнеленген жейдемен шығып, әлеуметтік желідегі парақшаларда көп талқыланған. Міне, ерекше стилі қалыптасқан боксшы көрерменін қуантып, жеңіс төрінен көрінді.

Жуырда Зауырбек аргентиналық Серхио Мартин Сосамен (13-3, 3 КО) жұдырықтасып, Англияда қарымын көрсетті. Жерлесіміздің айқасы Ұлыбританияның Брайтон қаласында өтіп, Қазақстан бокс комиссиясының лицензиясымен WBO GLOBAL титулы үшін таласқан. Бұл жекпе-жек екінші жеңіл салмақта өтіп, қазақстандық боксшының жеңісімен аяқталды. Спортшы қарсыласын алтыншы раундта техникалық нокаутқа түсірді, оған дейін аргентиналық боксшы екі рет нокаудан алды.

Осылайша, Сұлтан кәсіпқой мансабындағы 16-жеңісіне қол жеткізсе, Серхио Мартин Соса төртінші рет жеңілді. Бұған дейін ол WBO «европалық» және WBC жастар белбеуін жеңіп алған болатын. Сондай-ақ шетелдік журналистер мен комментаторлар Сұлтан Зауырбекті «жаңа Геннадий Головкин» және «Қазақ патшасы» деп атады.

Кездесуден кейін Сұлтан пікір білдірді. Спортшы қарсыласы туралы айтып, алдағы жоспарымен бөліскен.

«Он алтыншы жеңісіме қол жеткіздім, барлық жанкүйерлеріме рақмет. Чемпиондар, қашуды



тоқтатындар, QazaQ KING таққа отыру керек, – деп жазды ол.

Бокс зауымдастықтары мен кәсіби мамандар қазақстандық спортшыға сенім білдіруде. Тіпті, болашақ әлем чемпион болатынын да меңзейтіндей. Кезекті жарыстан соң Wasserman Boxing әлеуметтік желідегі парақшасына: «Бұл – Сұлтан Зауырбектің техникалық нокауттағы тамаша жеңісі. Ол екінші

жартылай салмақ дәрежесіндегі WBO Glob нұсқасы бойынша чемпион атанды», – деп жазды.

Жалпы Сұлтан байрақты бәсекелерін Қазақстанда да өткізуге қарсы емес. Мысалы, жеңіл салмақтағы жерлесіміз шілде айында Алматыдағы жекпе-жек кешіне қатысқан еді. Сұлтан британиялық Ронни Кларкты жеңіп, WBO Europe чемпиондық белдігін жеңіп алды. Жекпе-жек он раундқа созылып,

қазақстандық боксшы төрешілер шешімімен жеңіске жеткен еді.

Сондай-ақ Сұлтан дәстүр мен ұлт зиялыларын әлемдік аренада дәріптеуге күш салуда. Соның бірі – Алаш зиялыларының бейнесін насихаттау. Ол жарысқа киетін киіміне Әлиханның бейнесін салып, ел имиджін қалыптастырып келеді. БАҚ бетінде бұл әрекеттің сырын спортшының былай баяндаған.

«Әлихан Бөкейхан бейнеленген жейдені үш жекпе-жекке арнайы алып бардым. Лондондағы York-Hall аренасында бірінші рет кидім. Болтонда өткен айқаста залда отырған досымның сөмкесінде қалып кеткенім білдім. Бірақ кездесу аяқталған бойда алдырттым. Шотландиядағы бокс кешін отандық Qazsport телеарнасының тікелей эфирінен осы жейдемді көпшілік көрді деп ойлаймын. Негізі мен мұны арнайы тапсырыспен жасатқанмын. Фотосын да өзім таңдадым. Сол кезде «жейденің артына Әлихан Бөкейхановтың туған жылын жазыңыз, қайтқан жылының орнына шексіздік белгісін қойыңыз» деп айтқанмын. Алаш қайраткері халықпен бірге мәңгі жасайды дегенді сол жазу арқылы көрсеткім келген. Бірақ тапсырыс алған адам сөзімді дұрыс түсінбеді ме, жоқ есінен шығып кетті ме, қайтқан жылын жанына қоса жазыпты. Ендігі жолы рингке қандай жейдемен шығатынымды уақыты келгенде көре жатарсыздар. Бір нәрсе анық, алдағы кездесулерімде де ел үшін аянбай еңбек еткен ұлт мақтанштарын дәріптеуді жалғастыра беремін», – дейді ол.

P.S. Соңғы жеңістен кейін Сұлтан WBO European белбеуіне ие болды. Осы жекпе-жектің алдында 73-орында болған спортшы BoxRec рейтингінде 49-орынға көтерілді. Бүгінгі таңда ол WBA рейтингінде алтыншы, ал IBF-те 14-орында тұр.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА ДОДАҒА ДАЙЫН БА?

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы 2024 жылы Еуропа чемпионатының іріктеу турнирі аясында 17 қарашада және 21 қарашада Сан-Марино мен Словения құрама командаларымен болатын матчтарға дайындықты бастады. Оқу-жаттығу жиыны Астанада өткізілуде.

10 қарашада ұлттық құрама Қазақстан U-21 құрамасымен бақылау ойынын өткізеді. Содан кейін ойыншылардың нақты тізімі анықталады.

Жаттықтырушылар штабының шешімі бойынша Эльхан Астановтың орнына «Ордабасы» клубынан Максим Федин шақырылды. Жаттығуға қорғаушылар Сергей Малый, Темірлан Ерланов, қақпашы Бекхан Шайзада, Бағдат Қайыров жаттығу жұмыстарына қосылды.

Бұған дейін Абат Айымбетов, Александр Марочкин, Тимур Досмағамбетов, Исламбек Қуат, Аслан Дарабаев, Абзал Бейсебеков, Александр Заруцкий, Ян Вороговский, Владислав Прокопенко УЕФА Конференциялар лигасының матчынан кейін құрамға қосылады деген ақпарат тараған болатын. Ал Самат Жарынбетов жарақатына байланысты ұлттық құрамаға келген жоқ.

Шетел чемпионаттарында ойнайтын Бахтиер Зайнутдинов, Рамазан Оразов, Нұралы Өліп, Марат Быстров, Лев Скворцов, Александр Зуев қосылады деп жоспарланған. Алайда жуырда құрамаға өзгеріс енді. Өзгеріске сәйкес, танымал қазақстандық футболшы Бахтиер Зайнутдинов жарысқа қатыса алмайды.

Осы ретте футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы мен Ыстамбұлдың «Бешикташ» клубының жартылай қорғаушысы Бахтиер Зайнутдинов Instagram парақшасында қазақстандық жанкүйерлер мен ұлттық құрама ойыншыларына үндеу жасады.

«Баршаңызға жылы лебіз үшін шексіз алғысымды айтамын! Жігіттерге ұлттық құраманың маңызды матчтарында тек сәттілік тілеймін! Алға!» – деді спортшы.

Қазақстан ұлттық құрамасының бас жаттықтырушысы Магомед Адиев Бахтиер Зайнутдиновтың денсаулығына

байланысты сұраққа жауап беріп, алдағы маңызды ойындарға қатыса алмайтынын хабарлады. БАҚ-қа берген сұхбатында:

«Бахтиер Қазақстан құрамасының алдағы ойындарына қатыса алмайды. Қанша уақытта жарақатынан айығарын білмеймін. Дәрігерлер әлі уақытын айтпады», – деп жауап берген.

Бұл жауаптан кейін ұлттық құраманың баспасөз қызметі де Бахтиердің алдағы екі ойынға қатыспайтыны жайлы ресми ақпарат таратты.

«Өкінішке қарай ол Сан-Марино және Словениямен өтетін матчтарға қатыспайды. Бахтиер «Бешикташ» – «Ыстамбұл Башакшехир» матчында мұрын сүйегі мен көз ұясының негізі сындырып алды. Емделуге кеміне 2-3 апта уақыт кетеді», – деп мәлімдеді.

Айта кетейік, Зайнутдинов кеше «Бешикташ» командасы сапында «Башакшехирге» қарсы ойында негізгі құрамда алаңға шықты. Бірінші тайм аяқталар тұста алаңдағы орнын босатты.

Бас бапкер маңызды екі матчқа даярлық өткеруге 27 футболшыны шақыртты. Бірақ бұл тізімге құраманың капитаны Асхат Тағыберген енген жоқ. Премьер-лиганың кезекті матчында («Ордабасы» – «Шахтер») аяғын сындырып, ауыр жарақат алған саңлақ екі матчқа да қатыса алмайтын болды.

Ұлттық құрама сапына шақырылған өзге ойыншылар жаттығуды жалғастырып жатыр. Ресейлік клубтарда ойнайтын Нұрәлі Өліп, Марат Быстров, Лев Скворцов және Словенияның «Копер» клубындағы Рамазан Оразов сапқа қосылып, ұжымды

нығайтты. Маңызды екі матчта Қазақстан құрамасы жеңіске жетсе, Еуропа чемпионатына қатысу мүмкіндігі бұйырады.

Ойын өтетін 30 000 адамға арналған стадионда билеттер толығымен сатылып кетті. Күннің суығына қарамастан, ұлттық құраманы қолдауға келетіндер саны қуантады.

Елорда әкімдігінің мәліметінше, футбол кезінде арнайы шаттл-автобустары қатынайды.

Сондай-ақ, жанкүйерлердің ыңғайлылығы үшін және жолдарда көлік кептелісін азайту мақсатында Астананың 5 тұрақ торабында сағат арнайы шаттл-автобустары жүреді.



ЖЕҢІС КҮНІ ЖАҚЫН

16 желтоқсаннан 17 желтоқсанға қараған түні Лас-Вегаста (Невада, АҚШ) өтетін UFC 296 турнирінде жекпе-жекке шығатын UFC шеберлері анықталды.



Турнирдің басты жекпе-жегі жартылай орта салмақ дәрежесінің чемпионы (77 келіге дейін) британдық Леон Эдвард пен америкалық Колби Ковингтон арасында өтеді. Келесі

жекпе-жекте ең жеңіл салмақ дәрежесінде (57 келіге дейін) титул иегері бразилиялық Алешандре Пантожа америкалық Брэндон Ройвалмен кездеседі. Сондай-ақ америкалық Шавкат Рахмонов америкалық Стивен Томпсонмен жекпе-жекке шығады.

САМБОДАН ТҰҢҒЫШ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Арменияның Ереван қаласында самбо күресінен өткен чемпионатта жерлесіміз Арайлым Әбенова әлем чемпионы атанды.



Аса ауыр салмақта күрескен Арайлым Әбенова ширек финалда Сидней Си деген балуаннан басым түсті. Жартылай финалда Бланка Продан есімді қарсыласын жықты. Финалдық сайыста ресейлік қазақ Жанара Құсанованы да айқын ұтты. Қазақ салмақта самбодан өлем чемпионатының алтыны бұйырған емес. Осы олқылықты Арайлым бүтіндеді. Қазақстан спортшылары самбо күресінен әлем чемпионатына 1992 жылдан бері тұрақты түрде қатысып, 30 жылдың ішінде 27 алтын медаль иеленді.

МИЛЛИОН ОҚУШЫ АСЫҚ ОЙНАЙДЫ

Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің хабарлауынша, қарашаның 17-ойнаудан бір мезетте чөллендж өтеді.

«Асық ойнау баланың жүйке-бұлшықет жүйесін шынықтырады, дүниетанымын кеңейтеді, шапшаң қимылдауына әсер етеді және көру қабілетін жақсартады. Кең көлемді республикалық акция қазақ халқының мәдениеті мен тарихына қызығушылықты арттыруға бағытталған», – дейді департамент директоры Меруерт Медетбекова.

Оқушылар «Бес табан» және «Бес асық» ойындарын ойнайды. Чөлленджге миллионға жуық оқушы қатыспақ.



Бетті дайындаған Б.ШАҒЫРОВ


Студенттік өмір несімен қызық?

– Студенттік кеңес төрағасы болғаным бар болғаны 2 аптаның жүзі болды. Мойныма артылған жауапкершілікті қазірден абыроймен арқалауға асықпай. Әр студенттің бойындағы қабілетін ашып, көшбасшылыққа бейімдеу, олардың қоғамға белсене атсалысуына жағдай жасау міндетім деп білемін. Кез келген студентті университет ішінде шығармашылыққа баулу керемет сезім, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2 курс студенті Салтанат Бижігітқызы.

«Бұлақ көрсен, көзін аш» деп бекер айтылмаса керек, белсенді өмір талай студенттің дарынын паш етуге ықпал етті. Осы сөзге дәлел бола білген Дидар Болатбектің берген жауабы да әрбір студенттің жалындауына мүмкіндік мол екенін айшықтайды.

– Алғаш жоғары оқу орнының табалдырығын аттағанда жүзі таныс емес жандарды жатырқайтын қарапайым ауылдың баласы едім. Бірсарынды, біріне бірі ұқсамайтын күндерді бастан кешіп, жалғызсырап жатырқайтынмын. Мобилографиямен айналысып, кейін осы қабілетім арқылы таныла бастадым. Мобилографиямен айналысатын бірнеше дос тауып, қазіргі таңда кәсіби түрде осы саланы бірге меңгеріп жүрміз. Белсенді сту-

Шалыс басып жол табу да, жасқанып жүріп жалындау да студенттік шақтан бастау алады. Оқу қабырғасы ерекше естелікке толы. Оқуда да озат, өмірде де белсенділікті қатар алып жүрген Сырдың студенттерінен алған сауалнамаларымыздың қорытындысы көңілге жылулық сыйлады.



денттер қатарына лезде қосылып, жай ғана хоббиімнің маған мол мүмкіндік бергеніне тағым бар. Бүгін алдыңғы қатардағы университет шашбауын көтеріп жүрген студенттің бірімін. Студент бола тұра сабаққа да, табыс табуға да, студенттік шақтың қызығын көріп те үлгіруге болады. Тек сағын сынбай, қындыққа мойымау қажет, – деп жалғайды пікірлер легін белсенді студент Дидар Болатбек.

Жастар арасында кеңінен танымал жайдарман ойындары көп студенттің бағын ашқаны анық. Тек қана оқу орнында ғана емес, облыстық деңгейде бой көрсетіп жүрген белсенді студенттерден құралған «Матриархат» командасы көптің көзайымы болып, қазіргі таңда бетке ұстар жайдарманшылар құрамына айналды. Сахнаны әзілмен әрлеп, күлкімен көмкеріп жүрген жайдарманшылар студенттік шақтың тәтті сәттерінің қимастыққа толы екенін жасырмайды.

– «Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, әр іс-шараға дайындалған сәттер мен үшін өте қымбат. Себебі осы уақыт аралығында досым бауырыма, ортам отбасыма айналады. Әрине, асыра сілтеді дейтін шығарсыздар, бірақ белсенді студенттік өмірсіз әр сәт қызықсыз, қараңғы іспеттес. Мені осы тұңғықтан жарық әлемге оралтатын, жеңісте де, жеңілісте де бірге болатын – топтастарым, кішігірім отбасым, – дейді «Матриархат» командасының ойыншысы, 3 курс студенті Ақмарал Сартова.

Студенттік шақ та шарықтау шегіне жетеді. Бұл өмір мектебінің де соңғы тарауына келіп, ересек өмірге қадам басақ Мәншүк Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінің 4 курс студенті Бекзатхан Махамбеттің қимастыққа толы пікірін де тыңдадық.

– Студенттік өмір – балалықтан даналыққа қадам басатын кезең. Алғашында оқу орнына келіп, өмірге бозбала ретінде қараған едім. Оқу орнын тәмамдайтын кезімде ақыл қосқан, әр дүниені саналы тұрғыда саралай алатын қоғамның азаматы ретінде көзқарасымды қалыптастырдым. Арада өткен 4 жылда тек ілім емес, жаңа қарым-қабілеттерім мен талантымды шыңдай түстім десем қателескенім емес. Студенттік өмір – жалынды жылдарымдағы қайта келмес бақытты шағымың қорытындысы. Барша студентті келе жатқан Халықаралық студенттер күнімен құттықтаймын!, – деп көңілге түйгенімен бөлісті колледж түлегі.

Нұршат НЫШАНОВА

«Кез келген кәсіпті ауылда, ел ішінде дамытуға мүмкіндік мол. Ол үшін еңбектену керек, іздену керек. Шаршадым деменіз. Елде жоқ нәрсені жасауға ұмтылыңыз. Халықтың қажетіне жарау үшін ең алдымен мұқым елдің мұқтажын өтеуге атсалысу керек. Маған өкем үнемі елге пайдан тиісін деп айтып отыратын. Әрине, әр адамның өзінің дамуына өмірлік

кәсіпті бастап кеттік. Ауыл халқына тиімді бағада, жеткізіп беру қызметімен жұмыс істер жүрміз. Алдағы уақытта ауқымын арттырып, мұнан да жақсы жобаларды қолға алғым келеді», – дейді ынталы кәсіпкер.

Гүлзаттың қолөнер ісіне ертеден бейімі бар. Кішкентайынан анасының жанында отырып, тігін тігуді меңгерді. Он саусағынан өнер тамып, талантын кәсіпке де айналдырғалы қашан. Қазақтың бас ақыны ұлы Абайдың «Еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген сөзін өмірлік ұстанымына айналдырып, табандылықпен тер төгіп келеді. Таяуда ғана алған «Өрлеу» жастар сыйлығы осы ізденімпаздығының жемісі болса керек-ті.

ұстанымына сай ұлтқа қызмет етуді ойлайтын табанды жастар қосылып келеді. Бойдағы қажыр-қайратын тәуелсіз елдің ертеңі жолында жұмсай алатын болсаңыз, өмірге босқа келмегеніңіз. Гүлзат бүгінгі өзі қатарлас кәсіпкерлерге еңбекқорлық жетіспейтінін айтады. Өлбетте, оған бастаған ісін аяғына дейін жеткізу қасиеті де болу керек.

«Кәсіпкер дегеніңіз бұрынғы түсініктегі коммерсант деңгейі емес. Кәсіпке жаңа көзқарас керек. Кәсіпкер – ең алдымен еңбек етуге қабілетті, тәуекел ете алатын, алдына мақсат қоя білетін жан. Егер де кәсіп бастасаңыз, осы қасиеттер бойыңызда болу керек. Өз маңдай теріңмен жасалған жұмыс қана қашан да берекелі болады. Жеке кәсіпке жеңіл қарауға болмайды. Жеке деп аты айтып тұрғанымен, елдік мүдде тұрғысында еңбек етпесеңіз бәрі бекер. Тек кәсіпкерлік қана емес, елдегі барлық саладағы жастардың бойында ұлттық иммунитет болса екен деймін. Егер ұлттық иммунитет болса, өзгенің қаңсығын таңсық деп қабылдамас едік», – дейді қазақтың қараөзі намысын көрсетіп.

Бүгінде Гүлзат кәсіптің бірнеше түрімен айналысады. Алақандай ауылдың қажетіне жарап, тігін шеберханасының ісін жүргізіп жүр. Халыққа компьютерлік сауаттылық қызметтерін көрсетіп те ауқымын арттыруда. Оған таяуда іске қосылған мақта өңдеу шеберханасын қосыңыз. Бар өнерді бойына сыйдырған дарынды жастың таңдайына бұлбұл ұя салған әншілік қабілеті де бар.

Ол өнерімен көпшілікке танылып, талай өнер додаларында топ жарып келеді.

«Көпшілік менен мұның бәріне қалай уақыт табасыз деп сұрап жатады. Жұмысқа барып-келіп, күнделікті күйбеңмен шектелетін стереотипті бұзу керек. Уақыт – жүйрік. Оның жалына жармасып, барлық іске үлгеріп қалу – ең бірінші адамның ниетінен. Мен әрбір ісімді тиянақтап, ұқыптап, ерекше махаббатпен жасағанды жақсы көремін. Өзіңізді ерекше сүй, әрбір жасаған ісінде ең ұла жұмыс ретінде қабылдау, бірақ оған тоқмөйлсімеу, өзіңе сын көзбен қарап, қателіктеріңді түзету – адамды өсіретін дағды. Мінсіз адам – ол ешқашан қателеспейтін адам емес, қатесін түсініп, оны жөндеген адам. Кейде қаншалықты тыраштанып, тер төгіп, еңбектенсең де бір жағыңнан тартып тұратын қиыншылықтар болады. Ол сәтте шаршамау керек, өзіңді шыңдай түсуің қажет, өмірлік сабақ ретінде қабылдаған жөн. Өмір тек қана сәтті қадамнан тұрмайды, кей сәтсіздіктер жаныңды жабырқатса да, сағынды сындырмағаны дұрыс. Өйткені, біз, қазақ деген ұлы елдің перзентіміз», – дейді Гүлзат Құдайбергекқызы.

Тілші түйні. Қазір әлем алақаныңызда тұр. Өзіңізді дамытамын десеңіз де, шағын зауыт, кәсіпорын ашқыңыз келсе де құрал-жабдықтарды дүние жүзінің қай түкпірінен де алдыра аласыз. XXI ғасыр – мүмкіндіктер алаңы. Тек осы мүмкіндіктерді өзіңді, айналаңды, еліңді дамытуға қолдана білу керек. Сіз қалай ойлайсыз, жас дос?!
Дәулет ҚЫРДАН

Ауылда да кәсіпті гүлдендіруге болады. Мемлекеттік бағдарламалардың басты бағыты осы төңіректі дамытуға негізделген. Сырдариялық жас кәсіпкер Гүлзат Құдайбергекқызы ізденімпаздығының арқасында «Өрлеу» жастар сыйлығын жеңіп алды. Жалынды жас бүгінгі кәсіпке жаңа көзқарас пен еңбекқорлық керек екенін айтады.



Жас кәсіпкер мақта өңдеуге кірісті



«Бұл сыйлықты алу үшін екі жыл қатарынан қатысып, біраз еңбектендім. Биыл әйтеуір осы марапатқа қол жеткіздім. Еңбектің нәтижесі деп ойлаймын. Қазір жас кәсіпкерлерге қолдаудың қарасы қалып. Бастысы, тиімді тетігін тауып, бағдарламаны өзіңнің кәдеңе асыра білуің керек. Иә, сол өз кәдеңнің ар жағында міндетті түрде елге қызмет көрсету ұғымы тұрғаны ләзім. Елдің батасынан артық ешнәрсе жоқ. Сонымен көгерсең, сонымен көктейсің. Осы тігін саласын анамнан үйрендім. Ол маған «Білгенге маржан» деп, білген бар жақсысын үйретіп отырады. Анам – өмірлік ұстазым. Өнеріңді кәсіпке айналдырып, өмірлік табысыңа айналдыр деп ең бірінші ақыл айтқан адам», – дейді Гүлзат.

Әрине, бүгінде ауданда жеке кәсіпкерлік саласы қарқын алған. Олардың қатарына жыл сайын Гүлзат тәрізді өзіндік көзқарасы бар,

ұстанымы, қабілеті және адами қасиеттері сеп болады», – дейді жас кәсіпкер.

Өзгелер жүрген жолмен жүруді емес, өзінің жолын қалыптастыруды дағдысына айналдырған Гүлзат бұрын да кәсіптің бірнеше түрімен айналысқан. Жақында ғана ол мақтаны қайта өңдеу ісін бастады. Аталған кәсіп көнені жаңғыртуға, үнемдеуге және қолда барды ұқсатуға үйретеді. Ел ішіндегі халықтың пайдаға асар дүниелерді ысырап етіп лақтырмай, қайта қолданысқа енгізілуіне атсалысып жүр.

«Қалада болсын, ауылда болсын қолданыстағы көрпе-төсектің реңі қашса, оны қоясыңа лақтыруға асығамыз. Үнемдеуге, жақсы нәрсені тастамауға дағдылану керек. Өйткені ысырапқа шариятта да жол берілмейді. Осыны ойлана келе халық арасында сұранысы жоғары

«Жұмыс, карьера» деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналаңыздағы адамдардан еш қорықпай, батыл бола түсіңіз. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай біліңіз. Жаныңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз.

Сізді маңызды кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, киген киіміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, көп жетістіктерге жетесіз.

Жақыныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер кездесу орын алса, ол сіздің өміріңізді өзгертуі мүмкін. Апта соңында күтпеген тосын сый болғалы тұр.

Жоспарыңыздың көп бөлігі орындалайын деп тұр. Егер тырыссаңыз, керемет жұмыс тауып қалуыңыз

Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдау керек.

Аптада жоспарыңыз түгел орындалады. Сол себепті уақытты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр.

Уақытыңызды текке өткізе бермеңіз. Батыл әрі нақты сөйлеңіз, бір нәрсені ойласаңыз, соны міндетті

ЖАҒАМАЛ – ЖОРАМАЛ

Көзекші редактор: Н. НЫШАНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 77242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 77242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931 Тапсырыс: 1817